


ЛЕГКАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ

январь-октябрь 2023 г.



158,8
МЛРД ТГ



114,6%
ИФО

■ Текстиль ■ Одежда ■ Кожа и обувь

\$124,8
МЛН



ЭКСПОРТ

Импорт 94,8%
ОТП 5,2%




РЫНОК

\$3 328,9
МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-сентябрь 2023 г.



ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ

2023 ж. қаңтар-қазандағы жеңіл өнеркәсіп

Жеңіл өнеркәсіп өнімі өндірісінің көлемі **2023 жылғы қаңтар-қазанда 158,8 млрд теңгені** құрайды, бұл, номиналды көріністе 2022 жылғы осы кезеңдегі деңгейден **21,6% жоғары**. Өсу жеңіл өнеркәсіптің барлық ішкі салаларында байқалады. Текстиль бұйымдары өндірісінде (+24,5%), киім өндірісінде (+20,1%), былғары және оған жататын өнім өндірісінде (+1%).

Жеңіл өнеркәсіп өнімінің **физикалық көлем индексі** 2023 жылғы қаңтар-қазанда 2022 жылғы қаңтар-қазанмен салыстырғанда **114,6%** құрады. ФКИ өсуі текстиль бұйымдары өндірісінде байқалады (**127,4%**), алайда, төмендеу киім өндірісі (**99,6%**), былғары және оған жататын өнім өндірісі (**87,9%**) секторларында болды.

Текстиль өнімі өндірісінде (+27,4%): ең жоғары өсу төмендегі тауарлар бойынша болды: өсу мақта-мата өндірісінің **89,3%**, мақта-мата жіп өндірісінің **3,7 есе**, жасанды талшық және жіп өндірісінің **2,4 есе**, төсек орын жабдығы өндірісінің **56,3%**, тоқыма емес материалдар және олардан жасалған бұйымдар (киімнен басқа) өндірісінің **5 есе**, тюль және торлы маталар (трикотаж кенептен басқа) өндірісінің **49%** және т.б. өндірістің өсуіне байланысты болды.

Киім өндірісінде (-0,4%): осы сектордың төмендегі тауарларында барынша төмендеу байқалады: жұмыс киімі өндірісі **40,9%** төмендеді, пальто, плащ, капюшоны бар пальтолар, жылы курткалар (шаңғы тебуге арналған курткаларды қоса алғанда), желбегейлер **58,4%** қысқарды, ерлерге арналған пиджактар және блейзерлер (трикотаждан басқа) **32,9%**, әйелдерге арналған шалбар, көкірекшелер және белдіктермен комбинезон (трикотаждан басқа) **56,1%**, сәбилерге арналған трикотаж киім және аксессуарлар, **63,9%** және т.б.

Былғары және оған жататын өнім өндірісінде (-12,1%):

түксіз бүтін ірі қараның терісінен жасалған былғары өндірісінің **65,4%**, табиғи немесе композициялық былғарыдан жасалған бұйымдар өндірісінің **95,4%** төмендеуіне байланысты және т.б.

Жеңіл өнеркәсіп өнімі **экспортының көлемі 2023 жылғы қаңтар-қыркүйекте 124,8 млн АҚШ долл.** құрады, бұл, 2022 жылғы осы кезеңнен **91,2% жоғары**. Экспорт жеткізулердің өсуі киім тауарларында **4 есе**, былғары және оған жататын өнімде **2,7 есе**, алайда, текстиль өнімі тауарларында **6,6%** төмендеу байқалады. Негізгі экспорттаушы елдер: Ресей, Қытай, Қырғызстан.

Жеңіл өнеркәсіп өнімі **импортының көлемі 2023 жылғы қаңтар-қыркүйекте 3 328,9 млн АҚШ долл.** құрады, бұл, 2022 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда **59,4%** жоғары.

Импорт жеткізулердің өсуі жеңіл өнеркәсіптің барлық секторларында байқалады: текстиль бұйымдары (**+39,7%**), киім (**+64,4%**), былғары және

оған жататын өнім (+69,8%). Негізгі импорттаушы елдер: Қытай, Турция, Ресей.

2023 жылғы қаңтар-қыркүйекте **ҚР жеңіл өнеркәсібі нарығының көлемі 3 512,7 млн АҚШ долл.** құрады, ОТӨ үлесі 5,2%, импорт өнім үлесі – 94,8%.

Сала бес өңірде жоғары **аумақтық шоғырланумен** ерекшеленеді: Шымкент қ., Түркістан облысы, Алматы қ., Алматы облысы және Ақмола облысы. Шымкент қ. жеңіл өнеркәсіп үлесі республика өндірісінің жалпы көлемінен 18% құрайды. Түркістан облысы – 16,1%, Алматы қ. – 7,8%, Алматы облысы – 7,4% және Ақмола облысы – 6,7%.